

"Трансферттік баға белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2253 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Трансферттік баға белгілеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

«Трансферттік баға белгілеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. «Трансферттік баға белгілеу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 15-16, 65-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

1) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар
Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпарат көздерінен алынған баға - ресми танылған ақпарат көздерінен, биржалық баға белгіленімдері туралы деректерден, уәкілетті органдардан, сондай-ақ басқа да ақпарат көздерінен алынған баға;

2) баға ауқымы - осы Заңда белгіленген тәртіппен нарықтық бағаны айқындау әдістерінің бірін немесе ақпарат көздерін қолдану нәтижесінде айқындалған нарықтық бағаның ең төменгі және ең жоғарғы мәнімен шектелген нарықтық бағаның бірқатар м ә н і ;

3) баға белгіленім кезеңі - тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өткізуге келісім-шартта белгіленген баға белгілеу кезеңі, бірақ баға белгіленімнің бағасы биржада жарияланған 30 тізбекті күннен аспайды, мәміле шарттарына сәйкес мәміле тараптары осы кезең ішінде тиісті биржалық тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) күнделікті орташа арифметикалық баға белгіленімінің орташа арифметикалық м ә н і н ай қ ы н д а й д ы ;

4) біртекті тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) - ұқсас болмаса да бірдей сипаттағы және ұқсас құрамдастардан тұратын, ол өздеріне бір ғана функцияларды

атқаруға және өзара алмастырылуға мүмкіндік беретін тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер);

5) дифференциал - мәміленің бағасын немесе ақпарат көзінен алынған бағаны салыстырымды экономикалық шарттарға келтіру үшін қолданылатын түзету мөлшері;

6) жеңілдікті салық салынатын мемлекет - Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалатын шет мемлекет;

7) комиссиялық (агенттік) сыйақы - мәміле қатысушысы және сауда брокері, трейдер немесе агент арасындағы бөлек келісімде көзделген жасалған мәміле сомасынан сома немесе процент түрінде төленетін тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) сатып алу-сату бойынша сауда брокерінің, трейдердің немесе агенттің көрсеткен қызметі үшін төлемақы;

8) Қазақстан Республикасының аумағында жасалатын халықаралық іскерлік операциямен тікелей өзара байланысты мәміле - кейіннен халықаралық іскерлік операцияның мәні болған тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу-сату бойынша мәміле;

9) қолданылатын бағаның экономикалық негіздемесі - мәміле бағасының қолданылу негізділігін растайтын және уәкілетті органдарға берілетін құжаттар мен ақпарат;

10) «қол созу» принципі - өзара байланысты тараптар арасындағы мәмілелер шарттарын салыстыру негізінде баға ауқымын ескере отырып, осы Заңда белгіленген тәртіппен айқындалатын нарықтық баға жөніндегі мәмілелерді жүзеге асыратын тәуелсіз тараптар арасындағы мәмілелер шарттарымен нарықтық бағаны айқындау үшін қолданылатын принцип;

11) маржа - тауарды, (жұмысты, көрсетілетін қызметті) сатып алу-сату бойынша мәмілелер жүргізу нәтижесінде сауда брокері, трейдер немесе агент алатын сома;

12) мәмілеге қатысушы - осы Заңмен реттелетін мәмілені жасасқан жеке немесе заңды тұлға;

13) мәмілелер мониторингі бойынша есептілік - трансферттік бағаларды қолдана отырып есепті кезең ішінде жасалған мәмілені қоса алғанда, мәмілеге қатысушы уәкілетті органдар бекітетін тәртіпке және нысанға сәйкес жыл сайын салық қызметі органдарына ұсынатын мәмілелер бойынша деректер;

14) мәміленің бағасы - тауардың мәмілелерге (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) қатысушылар мәміле жасау кезінде қолданатын бағасы;

15) нарықтық баға - «қол созу» принципіне сәйкес айқындалатын салыстырымды экономикалық шарттарда ұқсас (ал олар болмаған жағдайда - біртекті) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың өзара іс-қимылы кезінде қалыптасқан тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) бағасы;

16) маржаның ауқымы - салыстырымды экономикалық шарттарда «қол созу» принципіне сәйкес айқындалған нарықтық маржаның ең төменгі және ең жоғарғы мәнімен шектелген мәндердің қатары;

17) рентабельділік нормаларының ауқымы - салыстырымды экономикалық шарттарда «қол созу» принципіне сәйкес айқындалған рентабельділік нормаларының ең төменгі және ең жоғарғы мәндерімен шектелген рентабельділік нормасы мәндерінің қ а т а р ы ;

18) рентабельділік нормасы - негізгі қызметтен түскен, тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өткізуден алынған бухгалтерлік пайданың сол тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өндіруге және өткізуге жұмсалған шығындарға қ а т ы н а с ы ;

19) салықтар бойынша жеңілдіктер - салық төлеушілердің жекелеген санаттары бойынша салық міндеттемелерінен босату (оларды азайту), инвестициялар жөніндегі келісім-шартқа сәйкес Инвестициялық салық преференцияларының болуы немесе қызметті арнайы экономикалық аймақтар аумағында жүзеге асыру;

20) салыстырымды экономикалық шарттар - егер мұндай шарттар арасындағы айырмашылық бағаға ықпал етпесе немесе мәмілелердің шарттарын осы Заңға сәйкес салыстырымды экономикалық шарттарға келтіру мақсатында түзетілуі мүмкін болса, ұқсас (ал олар болмаған жағдайда - біртекті) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) нарығындағы мәмілелердің шарттары;

21) сауда брокері, агент - мәміле қатысушысымен жасасылған агенттік келісімнің шарттарына сәйкес делдалдық қызметтерді орындайтын тұлға;

22) сауда-делдалдық функцияларын орындағаны үшін өтемақы - мәміле тараптарының бірінің сауда-делдалдық қызметтерді жүзеге асырғаны үшін ақшалай сыйақы немесе тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өткізу бағасына жеңілдіктер б е р у н ы с а н ы н д а ғ ы ө т е у і ;

23) соңғы тұтынушы - мәміле қатысушыларымен, осындай мәміле қатысушылары жүзеге асыратын мәміленің экономикалық нәтижелеріне ықпал ететін ерекше өзара қарым-қатынастары жоқ тәуелсіз тарап;

24) трансферттік баға белгілеуді қолдану жөніндегі келісім - нарықтық бағаны айқындау әдісі мен белгілі бір кезеңге нарықтық бағаны айқындау үшін қолданылатын ақпарат көзін белгілейтін уәкілетті органдар мен мәмілеге қатысушының арасындағы ж а з б а ш а ш а р т ;

25) трансферттік баға (трансферттік баға белгілеу) - өзара байланысты тараптар арасында қалыптасатын және (немесе) тәуелсіз тараптар арасында мәмілелер жасасу кезінде баға ауқымы ескеріле отырып, объективті қалыптасатын нарықтық бағадан айырмашылығы болатын, осы Заңға сәйкес бақылауға жататын баға;

26) уәкілетті органдар - Қазақстан Республикасының салық қызметі органдары мен к е д е н о р г а н д а р ы ;

27) ұзақ мерзімдік баға - белгілі бір кезеңге ресми танылған ақпарат көздерінде және (немесе) мәміле қатысушыларының арасындағы келісім-шартта (шартта) белгіленген мәміленің бағасы;

28) ұқсас тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) - өздеріне тән бірдей негізгі белгілері: физикалық сипаттамалары, сапасы мен нарықтағы өтімділігі, шығарылған және өндірілген елі бар тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер);

29) ұқсас (ал олар болмаған жағдайда - біртекті) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) тиісті нарығы - нарықтық баға қалыптасатын немесе айқындалатын тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) межелі (жеткізілетін) н а р ы ғ ы ;

30) халықаралық іскерлік операциялар - тауарларды сатып алу-сату жөніндегі экспорттық және (немесе) импорттық мәмілелер; тұрақты мекеме құрмастан, Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын резидент емес болып табылатын тараптардың бірінің жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі мәмілелері; Қазақстан Республикасы резиденттерінің Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тауарларды сатып алу-сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету ж ө н і н д е ж а с а ғ а н м ә м і л е л е р і ;

31) трейдер - тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу-сату кезінде өзі және (немесе) мәміле қатысушысының тапсырмасы бойынша делдалдық функцияларды жүзеге асыратын тұлға.»;

2) 4-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«3-1) мәмілеге қатысушының трансферттік баға белгілеуді қолдану бойынша келісім жасасуға өтінішін мәмілеге қатысушыдан өтініш алған күннен бастап тоқсан жұмыс күні ішінде қарауға ;

3-2) мәмілеге қатысушының өтінішін қарау нәтижелері бойынша шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде трансферттік баға белгілеуді қолдану бойынша келісімді жасасудан бас тартудың себептерін көрсете отырып, мәмілеге қатысушыға жазбаша жауап жіберуге;»;

3) 5 - б а п т а :
1 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) уәкілетті органдарға бақылауды жүзеге асыру және салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағым жасау барысында қолданылатын бағаның экономикалық негіздемесін және қолданылатын бағаны растайтын басқа да ақпаратты б е р у г е ; » ;

5) тармақшадағы «мәміленің бағасын және» деген сөздерден кейін «(немесе)» деген с ө з б е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

3-тармақтың 4) тармақшасындағы «және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен» деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақтағы «және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен» деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

4) 6-баптың 4-тармағындағы «құжаттама жүргізу тәртібін» деген сөздер «оларды уәкілетті органдарға табыс ету тәртібін, сондай-ақ мәмілелер мониторингі бойынша құжаттама жүргізу тәртібін» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 7 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«7-бап. Мәмілелер мониторингі бойынша есептілік және құжаттама»;

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мәмілелер мониторингі бойынша есептілік уәкілетті орган бекіткен есептілік нысандарын қамтиды.

Мәмілелер мониторингі бойынша құжаттама мынадай ақпаратты қамтиды:»;

1) тармақшаның алтыншы абзацы алып тасталсын;

3) тармақшадағы «нарықтық бағаны айқындау үшін қолданылатын» деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) шарттардан (келісім-шарттардан), шот фактуралардан (инвойстардан) кедендік жүк декларацияларынан алынған мәліметтерді қамтитын осы Заңның 3-бабында көрсетілген мәмілелер бойынша ақпаратты, сондай-ақ дифференциалды айқындау үшін қажетті мәліметтерді;»;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) маржаны, сауда брокерінің, трейдердің және (немесе) агенттің комиссиялық сыйақысын, олардың сауда-делдалдық функцияларды орындағаны үшін өтемақыларды.

Бұл ретте, мәмілеге қатысушы маржаның құрамдас бөліктерін ашып көрсететін ақпаратты ұсынады және егер маржа комиссиялық (агенттік) сыйақыны және (немесе) өтемақыны қамтитын болса, уәкілетті органдар бұл құрамдас бөліктерді бақылауды жүзеге асыру кезінде есепке алмайды;»;

2-тармақтағы «Осы» деген сөз «Мәмілеге қатысушылар, оның ішінде осы» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 1 0 - б а п т а :

мәтіндегі «салық салу объектілеріне және» деген сөздерден кейін «(немесе)» деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, биржалық тауарлар бойынша, ақпарат көздерінде көрсетілген бағалар ауқымы және дифференциал ескеріле отырып, салық салу объектілеріне және (немесе) салық салуға байланысты объектілерге түзету жасалады. Биржалық тауарлардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

«7-1. Осы Заңның 16-бабына сәйкес жүзеге асырылатын салық салу объектілеріне

және (немесе) салық салуға байланысты объектілерге түзету есепті салық кезеңінің қорытындылары бойынша байланысты тараптардың арасында салыстырымды экономикалық шарттарда «қол созу» принципіне сай келмейтін пайданы бөлу фактісі анықталған кезде жүргізіледі.

Осы тармаққа сәйкес түзету төлем құжаттарын және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес талап етілетін құжаттардың нысандарын ресімдей отырып, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) тиеп жөнелтілгенін растайтын бастапқы құжаттарды тиісті өзгертусіз салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді өзгерту жолымен жүзеге асырылады.

Мәмілеге қатысушы бір мезгілде алынған жалпы пайданың бір бөлігін байланысты тараптар арасында аударып отырып, осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес жүргізген түзету жағдайында алынған пайда есепті салық кезеңі үшін өткізуден алынған табыс ретінде қаралады, ал берілген пайда есепті салық кезеңі үшін өткізуден алынған табысты азайту ретінде қаралады.

Салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді осы тармаққа сәйкес түзету, әрбір мәміле бойынша бөлек-бөлек тиісті есептерді қоса бере отырып, салық органдарына берілетін тиісті салық есептілігінде көрсетілуі тиіс»;

8-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Салық салу объектісін анықтау кезінде мәміле қатысушысының нарықтық бағалардан асатын мәмілелердің бағаларын қолданудан алған табысы, мәміле қатысушылары мөлшері нарықтағыдан төмен мәмілелердің (халықаралық іскерлік операциялардың) бағаларын қолданған кезде салық салу объектісін төмендету есебіне есепке алынады. Баға ауытқуларының есебі бақыланатын кезең үшін әрбір тауардың түрі бойынша, әрбір сатып алушы және сатушы бойынша, барлық мәмілелер бойынша жүргізіледі.» ;

9-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мәміле бағасы және (немесе) баға белгілеу тәртібі (әдістемесі) белгіленген кезде жасалмайды.»;

мынадай мазмұндағы 10 және 11-тармақтармен толықтырылсын:

«10. Салық төлеуші салық салу объектілеріне және (немесе) салық салумен байланысты объектілерге трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша кешенді салық тексеруін (трансферттік баға белгілеу мәселелері кіргізілген жағдайда) және тақырыптық тексерулерді жүргізу басталғанға дейін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасын өзі түзетсе, онда қосымша салық есептілігін тапсыру жолымен айыппұл есептелмей бюджетке енгізуге жатқызылады.

11. Осы Заңның 13-бабының 5-тармағында көрсетілген дифференциал қатысушылары жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген мәмілелерге ықпал етпейді және осы Заңның 13-бабы 5-тармағының ережелері ескерілместен, салық салу объектілеріне және салық салуға байланысты объектілерге түзету жасалады.»;

4) тармақшадағы «байланысты» деген сөз «өзара байланысты» деген сөздермен ауыстырылсын ;

12) тармақшадағы «байланысты» деген сөз «өзара байланысты» деген сөздермен ауыстырылсын ;

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

«тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша» деген сөздерден кейін «баға ауқымының ескерумен» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын :

«Егер тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуге арналған келісім-шарт талаптарымен баға белгіленім кезеңін қолдану көзделген жағдайда биржалық тауарлардың бағасы болып дифференциалды ескере отырып тиісті тауарға (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) баға белгілеу кезеңіндегі күнделікті баға белгіленімдерінің кез келген бір ақпарат көздерінде жарияланған орташа арифметикалық мәні айқындалады.

Баға белгіленім кезеңіне баға белгіленімдерінің орташа арифметикалық мәні мынадай формула бойынша есептеледі:

$$S = \frac{P_1 + P_2 + \dots + P_n}{n} \times E, \quad \text{мұнда:}$$

S - баға белгіленім кезеңіндегі тиісті тауарға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) орташа арифметикалық бағалардың, күнделікті баға белгіленімдерінің орташа арифметикалық мәні,

P_1, P_2, \dots, P_n - тиісті тауарға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың күнделікті баға белгіленім кезеңі ағымындағы күндерге жарияланған баға белгіленімдерінің орташа арифметикалық мәні,

E - тиісті баға белгіленім кезеңінде тиісті шетел валютасына қатысты теңгенің нарықтық орташа арифметикалық айырбас бағамы,

n - баға белгіленім жарияланған баға белгіленім кезеңіндегі күндердің саны.

Баға белгіленім кезеңіне тиісті тауарға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың баға белгіленімдерінің орташа арифметикалық мәні мынадай формула бойынша есептеледі:

$$P_n = \frac{C_{n1} + C_{n2}}{2}, \quad \text{мұнда:}$$

2

P_n - тиісті тауарға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың күнделікті баға белгіленімдерінің орташа арифметикалық мәні,

C_{n1} - тиісті тауарға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың күнделікті

баға белгіленімдерінің ең төменгі (тіп) мәні,
Cn2 - тиісті тауарға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың күнделікті
баға белгіленімдерінің ең жоғарғы (max) мәні,
Күндік бағалардың ең төменгі және ең жоғарғы баға белгіленімдері жоқ болғанда
тиісті күннің баға белгіленімдерінің нақты мәні орташа арифметикалық мән ретінде
қ а б ы л д а н а д ы . » ;

2 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

«Тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуге арналған келісім-шартта белгіленген баға белгіленім кезеңі ол белгіленген күннен бастап 12 айлық кезең ішінде өзгертуге жатпайды.

Осы Заңның мақсаты үшін Баға белгіленім кезеңі келісім-шарт талаптарына сәйкес мынадай уақыт аралығында айқындалған болуы тиіс:

мұнай бойынша - тауарға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) меншік құқығы сатып алушыға ауысқан күнге дейін 5 күнтізбелік күннен аспауы және тауарға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) меншік құқығы сатып алушыға ауысқан күннен кейін 5 күнтізбелік күннен аспауы керек;

мұнайды қоспағанда биржалық тауарлар бойынша - тауарға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) меншік құқығы сатып алушыға ауысқан күнге дейін 60 күнтізбелік күннен аспауы және тауарға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) меншік құқығы сатып алушыға ауысқан күннен кейін 60 күнтізбелік күннен аспауы к е р е к ;

бағалары биржалық тауарлардың баға белгіленімдеріне байланыстырылған биржадан тыс тауарлар бойынша - тауарға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) меншік құқығы сатып алушыға ауысқан күнге дейін 60 күнтізбелік күннен аспауы және тауарға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) меншік құқығы сатып алушыға ауысқан күннен кейін 120 күнтізбелік күннен аспауы керек;

Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуге арналған келісім-шартта белгіленген баға белгіленім кезеңі осы бапта белгіленген баға белгіленім кезеңін айқындау шарттарына сәйкес келмеген жағдайда тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) нарықтық бағалары осы тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметтерді) өткізу сәтінде қабылданады.»;

үшінші бөлік «мына шарттар» деген сөздерден кейін «бір уақытта» деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

1) тармақшадағы «жүзеге асырылады» деген сөздер «басталады» деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) тармақшадағы «ресми танылған ақпарат көздерінде жарияланған баға ретінде» деген сөздер «осы Заңда белгіленген ресми түрде танылған ақпарат көздерінен» деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Салыстырымды бақыланбайтын баға әдісі сыртқы және (немесе) ішкі салыстыру арқылы нарықтық бағаны айқындау үшін қолданылады. Сыртқы салыстыру жолымен салыстырымды бақыланбайтын баға әдісін қолдану мүмкін болмаған жағдайда салыстырымды бақыланбайтын баға әдісі ішкі салыстыру арқылы қолданылады. Бұл ретте, сыртқы салыстыру кезінде мәмілеге қатысушы мен өзара байланысты тарап арасындағы және тәуелсіз екі тарап арасындағы салыстырымды мәмілелер салыстырылады. Ішкі салыстыру кезінде мәмілеге қатысушы мен өзара байланысты тарап арасындағы және сол мәмілеге қатысушы мен тәуелсіз тарап арасындағы салыстырымды мәмілелер салыстырылады.»;

4 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы «нарықтық баға» деген сөздерден кейін «баға ауқымы ескеріле отырып» деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы «дифференциал арқылы» деген сөздерден кейін «баға ауқымы ескеріле отырып» деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтың 1) тармақшасы «құжаттамалық» деген сөзден кейін «және (немесе) ақпарат көздерімен» деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) маржа, сауда брокерінің, трейдердің және (немесе) агенттің комиссиялық (агенттік) сыйақысы, олардың сауда-делдалдық функцияларды орындағаны үшін ө т е м а қ ы ; » ;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Осы баптың 5-тармағында көрсетілген дифференциал бойынша мәмілеге қатысушының мынадай мәміле мониторингі бойынша тиісті есептілікке өзгерістер мен толықтырулар енгізуіне жол берілмейді:

1) тексерілетін салық кезеңіне - трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша кешенді және тақырыптық тексерулер өткізу кезеңінде;

2) шағым жасалған салық кезеңіне - салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) шағым берудің қалпына келтірілген мерзімін ескере отырып, хабарламаға жасалған шағымды қарау нәтижелері бойынша салық қызметінің жоғары тұрған органы шығарған шешімге жасалған шағымды беру және қарау кезеңінде.»;

9 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

9) 14-баптың 2-тармағындағы «қалыптасқан» деген сөзден кейін «, салыстырымды экономикалық шарттарда рентабельділік нормасының ауқымы негізінде есептелетін» деген сөздермен толықтырылсын;

1 0) 1 5 - б а п т а :

бірінші сөйлемдегі «үстеме бағасының» деген сөздер «маржасының» деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл ретте, маржа маржаның ауқымына сәйкес келуі тиіс»;
11) 18-баптың 1-тармағындағы «бағаны айқындау» деген сөздерден кейін «әдістерін қолдану» деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1), 5), 6) және 8) тармақшаларын қоспағанда, 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК